

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған, таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 10 шілдедегі N 678 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 180 қаулысымен.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған, таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|-------------------------|---------------------------|
| <i>Премьер-Министрі</i> | Қазақстан Республикасының |
| Қазақстан | К. Мәсімов |
| Үкіметінің | Республикасы |
| 2008 жылғы | 10 шілдедегі |
| N 678 қаулысымен | |
| бекітілген | |

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған, таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған, таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңы 3-бабының 2-1-тармағына (бұдан әрі - Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) сәйкес әзірленді және сот шешімдерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттік бағдарлама шеңберінде сот шешімдері орындалуының бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Бюджеттік бағдарлама шеңберінде сот шешімдерінің орындалу тәртібі

2. Мемлекеттік орган - бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - мемлекеттік орган) орындауға қабылдаған атқарушылық құжат, ол бойынша сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу қозғамаған болса, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оны берген сотқа не өндіріп алушыға қайтарылады.

3. Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін мемлекеттік органға өз еркімен орындау үшін бір ай мерзімді бере отырып атқарушылық құжатының болуы туралы хабарлайды.

Мемлекеттік орган атқарушылық құжатты ерікті тәртіппен орындамаған жағдайда, сот орындаушысы заңнамада белгіленген тәртіппен инкассалық өкім шығару жөнінде шара қабылдайды.

4. Мемлекеттік орган сот актілері бойынша ақшалай қаражатты атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органының (бұдан әрі - уәкілетті органның аумақтық органы) қолма-қол ақшаны бақылау шотына сот орындаушысының сот актілерін орындау қажеттілігі туралы хабарламасы негізінде сот орындаушыларының орындауындағы қолда бар атқарушылық іс жүргізу бойынша ғана аударды.

5. Сот орындаушысы Сот актілерін орындау үшін мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өндіріп алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;

3) өндіріп алушының жеке шоты ашылғанда, жеке шотының нөмірі, банк деректемелері (МФО, СТН, ағымдағы шоты, атауы, мекен-жайы) көрсетіле отырып Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің анықтамасы (жауапты адам қол қойып, мөрмен бекітілген) не өндіріп алушының ақша

қаражатын оған почтамен жіберу туралы өтінішінің көшірмесі.

Сот орындаушысында көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда, мемлекеттік орган ақша қаражатын уәкілетті органның Астана қаласы бойынша аумақтық органының қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударады.

6. Мемлекеттік орган уәкілетті органның аумақтық органының қолма-қол ақшаны бақылау шотына не өндіріп алушылардың жеке шоттарына сот актілері бойынша ақша қаражатын уақтылы аударылуын қамтамасыз етеді, бұл туралы және растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органның аумақтық органына уақтылы жазбаша түрде хабардар етеді.

7. Мемлекеттік орган сотқа орындауды кейінге қалдыру және мерзімінің өтуі туралы өтініш берген кезде атқарушылық іс жүргізу сот тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатылады. Бұл үшін мемлекеттік орган сот орындаушысына құжатты қабылдау туралы сот кеңсесінің мөртабаны қойылған өтініш көшірмесін ұсынуы тиіс.

8. Мемлекеттік органның шотына атқарушылық құжаттар бойынша шығарылған инкассалық өкімдердің орындалуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалу ережесінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.